

## «№ 8 ЖББМ» КММ 2022-2023 жылғы әдістемелік бірлестік жұмыстарының орындалу есебі

Уызбай ауылындағы «№8 ЖББМ» КММ-де қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша екі мұғалім жұмыс істейді. Олар Жуанышбаева Тишкен Ондыбайқызы және Карибаева Карина Азатқызы. Бұл жылы мектебімізде қазақ тілі пәнінен құрылған жоспары бойынша көп жұмыстар атқарылып отыр.

Қыркүйек айында тіл мұғалімдері «Тілдер күніне» арналған «Тіл – кемел болашақ тұғыры» онкүндігін өткізді. Іс-шара өте қызық әрі тартымды өтіп, есебі жасалды. Мектептің бүкіл сыныптары қамтылды және оқушылар белсенділік көрсетті. «Тілге құрмет елге құрмет» тақырыбы бойынша Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығынан ашық сабақтар және презентациялар болды және «Тіл – ұлттың рухани негізі» атты 1-11 сыныптар арасында сынып сағаттарын ұйымдастырды.

Қазан айында орыс және қазақ сыныптарындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мектепішілік олимпиада өткізілді. Жоғары сынып оқушыларының арасында мазмұндамалар алынып, диктанттар жазылды. Тест жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде білім сапасын жақсы көрсеткен оқушылар ауданаралық олимпиадаға баратын болып шешілді. Және де тарих пәнінің мұғалімі Жұманбай Рүстем Нұрқатұлы Кенесары Қасымұлының туғанына 220 жыл толуына орай 5-11-сынып арасында презентация жасады.

Қараша айында «Оқырман отбасы» акциясы бойынша 8-сынып оқушысы Сәкен Жансая, 7-орыс сыныбының оқушышы Маурер Даниил отбасымен аудандық сайысқа қатысты. Желтоқсан, қаңтар айларында «Тарих» және «XXI ғасыр-сауатты ұрпақ ғасыры» атты қазақ тілі апталығы өтті. Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл олуына байланысты дөңгелек үстел ұйымдастырды.

Сәуір айында «Орыс тілі» апталығы болды және де сонымен қатар «ҚР-ның Тіл туралы заңнамасы» тақырыбында «Тіл шебері» дөңгелек үстелі өткізілді.

Бұл күнде мектебіміздегі қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті замануи көрнекіліктермен толық жабдықталған. Бүгінгі күнде ол оқушылардың қажеттілігіне жарап тұр.

Жылда біздің оқушыларымыз аудандық «Абай оқулары» мен пәндік олимпиадаларға қатысады. Жыл соңында оқушылардың оқу машығы тексеріліп, пән бойынша қазақ тілінен көрсеткен сапасы анықталады. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүргізіледі. Қорытындысы ӘБ отырысында талқыланады.